

Жәнібек аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 ақпандағы № 31-2 "Жәнібек ауданында жеке оқыту жоспары бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 15-18 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 желтоқсанда № 7311-07 болып тіркелді

Жәнібек аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жәнібек аудандық мәслихатының "Жәнібек ауданында жеке оқыту жоспары бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" 2015 жылғы 25 ақпандағы № 31-2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3854 болып тіркелді) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасының 7-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу мөлшері оқу жылы ішінде ай сайын әрбір мүгедектігі бар балаға бес айлық есептік көрсеткішке тең."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Т. Кадимов